



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

**Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА**

№1 (125)
Наурыз, 2023 жыл

8 наурыз – халықаралық әйелдер күні



3-4 наурыз күндері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде еліміздегі жоғары оқу орындары арасында «СЕНІҢ СƏТІҢ» Республикалық студенттер форумы өтеді. Форумның мақсаты – еліміздегі жастардың ынтымағын арттырып, олардың бойында ұлттық құндылықтар мен жаңаша ойлау дағдыларын қалыптастырып, университет жастары арасында достық қарым-қатынас орнату. Форум аясында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен Министр жанындағы Студенттік кеңестің отырысы өтеді. Шара барысында спикерлер Айсұлу Ерниязова, Динара Болат, Марат Бексұлтанұлы, Әйгерім Есенәлі жастар үшін қажетті де өзекті тақырыптар бойынша тренингтер өткізеді. Бұл сенің сәтің, студент!



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Ең әдемі киім - ұлтыңның киімі» ұлттық киімдер айлығын бастайды. Қазақтың ұлттық киімдері өзге халықтарға ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктерімен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқан. Қазақы киімнің барша сәнділігі оның ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі жатыр. Университет барша қызметкерлерді және студенттерді наурыз айында ұлттық киім киюге шақырады.

АРДАҚТЫ АНАЛАР, ҚЫМБАТТЫ ХАНЫМДАР, АЯУЛЫ АРУЛАР!

Сіздерді жыл мезгілінің ең көрікті де қуанышты сәті, көктемнің алғашқы шуақты да шырайлы мерекесі 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Дүниеде ананың балаға және барша адамзатқа деген мейірімі мен махаббатынан асқан құдырет жоқ. Жер бетіндегі сұлулық атаулының қайнар көзі саналатын Сіздер әрдайым бақытты болуға, бүкіл адамзат атаулыны бақытты етуге жаралған жансыздар. Қашан да қазақ дейтін қара ормандай халықтың қамқоршы анасы, ай маңдай арулары атанып, жүздеріңіз мейірімге, жанұяларыңыз қуаныш пен бақытқа ұласып аман жүріңіздер. Жарқын күндеріңіз күлкіге, махаббатқа, қамқорлық пен сүйіспеншілікке толы болсын. Көктемнің осынау шуақты мерекесі көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлесін.

Баршаңызға зор денсаулық, асыл армандарыңыздың орындалуын, отбасы бақыты мен берекесін тілеймін!

Игі тілекпен, Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің басқарма төрағасы-ректоры
Саламат Идрисов



2 Университет жаңалықтары

Наурыз, 2023 жыл



ЕЛДОС ТОҚТАРБАЙМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Атырау университетінде алаштанушы-ғалым, ҚР Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Елдос Тоқтарбаймен кездесу өтті. Мазмұнды жиында Елдос Тоқтарбай Алаш зиялыларының қазақ қоғамы үшін басын бәйгеге тіккені, олардың ұлтжанды ерліктері туралы сөз қозғап, жастарды білімді болуға, ғылыммен айналысуға, қазіргі қоғамда белсенділік танытып, кітап оқып, жан-жақты дамуға шақырды. Қазіргі таңда ақпараттық,

экономикалық-қаржылық, құқықтық, заңдылық тұрғысынан сауатты болуды алға тартты. Жиын соңында мектеп мұғалімдері Алаштану пәнін қосу, алаш қайраткерлері туралы ақпараттарды оқушылар қазірден бастап білу керектігін алға тартып, өз ұсыныстарын жеткізді. Сонымен қатар, студенттер де өздері қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Өз сөзінде Елдос Тоқтарбай біздің қоғамға ұлтты сүйетін, ұлтшыл мемлекет құратын, алашшыл, ұлтшыл жастардың керектігін баса айтты.



ЖАҚСЫ МҮМКІНДІКТЕР МЕН ЖАҢА КӨКЖИЕК

2023 жылдың 23-24 ақпанында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті базасында еліміздің оңтүстік және батыс жоғары оқу орындары үшін, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған «таза парақтан» жаңа реттеу саясатын жүзеге асыруға арналған семинар өтті.

«Жаңа парақтан» реттеу дегеніміз – бұл жаңа саясат, атап айтқанда, жоғары тексерулерден профилактикалық бақылауға көшу. ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары білім саласындағы нормативтік актілерді қайта қарау бойынша жұмыс жүргізді, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау өлшемшарттарын әзірледі. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, автоматтандырылатын болады. Жоғары оқу орындарының рейтингтері мен тексерулерінің барлық көрсеткіштері, білім беру бағдарламаларының тізілімдері (реестр),

және ғылыми кадрларды дайындау мәселелері, ұлттық біліктілік тестілеудегі өзгерістер бойынша қажетті ақпараттар беріліп, талқылаулар болды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Астана, Алматы және Шымкент қалаларында еліміздің барлық жоғары оқу орындарын жинап, жаңа саясатты түсіндіріп, кері байланыс орнатып отыр. Жоғары білім саласындағы саясатты жүргізіп жүрген азаматтарымыз бен азаматшаларымыздың Жаңа Қазақстанды құрудағы атқарылып жатқан жұмыстарының көрінісі деп түсіндім.

Айналып келгенде президентіміз айтқандай, Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Осы сөзді жоғары оқу орындарының басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы және әр қызметкері түсінулері қажет. Қазіргі уақытта жоғары білімді жаңа деңгейге көтеру мүмкіндігі біздерге бұйырып тұр, біз бұл мүмкіндікті жіберіп алмауымыз қажет.



аккредиттеу органдарының тізілімдері Ұлттық білім беру деректер базасымен интеграцияланатын болады.

Семинар барысында «таза парақтан» жаңа реттеу саясаты аясында жоғары оқу орындарының қызметінің маңызды бағыттары қарастырылды. Атап айтқанда, университеттің академиялық, кадрлық, бюджеттік саясаты, контингент қалыптастыру, оқу жетістіктерін бағалау саясаты, сапаны қамтамасыз ету, цифрландыру, ғылымды дамыту

Семинарға қатысқан әр жоғары оқу орындарының өкілдері өздеріне қажетті ақпаратты толық алды деп ойлаймын. Алған ақпаратпен университетімізге барып, барлық әріптестермен бөлісетін боламыз. Семинар жоғары деңгейде өтуіне жағдай жасаған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне алғыс білдіремін.

Асхат ШҮКІРОВ,
академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

«БІЛІМ САПАСЫНЫҢ НЕГІЗІ - ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРДЕ»

Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің ұйымдастыруымен «Білім сапасының негізі – заманауи тәсілдерде» деп аталатын әдістемелік семинар жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті және гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті үшін 22 ақпанда, көптілді білім беру факультеті үшін 23 ақпанда, ал инновациялық білім беру факультеті студенттері үшін 24 ақпанда

мүмкіндіктері» тақырыптарында студенттеріміз теориялық білімдерін педагогикалық шеберлік деңгейінде толықтай түсті. Әр болашақ маман үшін таптырмас құнды дүние болып табылды деп ойлаймын. Семинар барысында жалпы осы оқу мен оқытуда зерттеу керек пе әлде керек емес пе деген бәтлі ұйымдастырылды. 24 – ақпан күні «Инновациялық білім беру» факультеті студенттеріне семинар «Карусель» әдісімен 5 аудиторияда өткізілді. Карусель әдісінің тиімділігі – студенттер үшін



сабақты зерттеу мен зерделеу жолдарын, дағдыларын дамытуды өз тәжірибесіне енгізуді үйрету, білімдерін жетілдіру және кәсіби шеберлігінің осы бастамаларына қолдау көрсету мақсатында Атырау университетінде «Білім сапасының негізі – заманауи тәсілдерде» тақырыбындағы әдістемелік семинар болып өтті.

Бұл шара педагогикалық мамандықтардың бітіруші түлектеріне арналды. «Төңкерілген сабақты» ұйымдастыру және өткізу технологиясы», «Lesson study» – сабақты зерттеудің тиімді әдісі», «Оқудағы іс-әрекетті зерттеу жолдары», «Педагогтің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігі арқылы оқушының тұлғалық қалыптасуының

қолайлы, өздерін еркін түрде сұрақтарын қоя алды және студенттер аудитория ауыстыру арқылы зерікпейді де.

Кеңсенің жұмыс жоспарына қолдау көрсетіп, семинарда өз білімдерімен бөліскен әріптестеріміз университеттің аға оқытушылары, магистрлер Г.Г. Жұбанғалиева, Г.Р. Омарова, А.Е. Сұлтанғалиеваларға ризашылығым шексіз. Әр факультет декандары мен кафедра меңгерушілері мен оқытушылар семинар жұмысына қызығушылықтарын танытып, студенттердің толықтай қатысуына мүмкіндік жасағаны қуантады.

Гүлжан НҮРСҰЛТАНОВА,
кеңсе жетекшісі,
тренер, аға оқытушы, магистр

«SAF» СТУДЕНТТІК ТЕАТРЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

«SAF» студенттік театры Сафи Өтебаев атындағы мұнай-газ университеті ұйымдастырған студенттік театр фестивалінде жеңімпаз атанды.

«Бейбіт күннің батырлары» деген атауға ие бұл байқау Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына арнап өткізілді. Оған облыстың белді жоғары оқу орындарының студенттерінен, мектеп оқушыларынан құрылған 9 команда қатысты. Нәтижесінде, «SAF» студенттік театры 3 номинация бойынша «Үздік актер, актриса», «Үздік режиссер», «Үздік декорация» аталымдары бойынша жеңімпаз деп танылып, жетекші Әзиза Серікқызына «Үздік жетекші» атағы берілді.

САБЫР ҚЫЛ, АНАДОЛЫ

Зилзаладан зардап шеккен түрік бауырларға Анадолы, жанға батты жан азабың, күйзелісің,

Көзіңде жас, қайғыдан күйген ішің.

Шыңыраудан фауна ұрып жер сілкіңді,

Көрсетті жер бір тілсім бұлқынысын.

Қайғыруда аталар асы батпай,

Егілуде аналар жасы парлай.

Еңіреуде балалар есі шығып,

Жоқтауда жұрт жақындарын дамыл таппай.

Көз жасыңа еріксіз ерік бердің,

Күйзелдің, күңірелдің, өлік көрдің.

Жаныңды қайтем сенің жұбата алам?

Келеді жүрегімді бөліп бергім.

Сабыр қылғын қардашларым – түрік елі,

Қанымыз ғұн – түріктен бірігеді.

Ол кезде егіз қозы едік бірге туған,

Бабалар Алтайда өмір сүріп еді.

Ықылымнан аталғанбыз батыр Түрік,

Ойымыз ұшқыр, құлағымыз еді түрік.

Персия мен Римнің арасында,

Сенің бабаң ат ойнатып еді жүріп.

Ер – Тоғырылдай кеуденді намыс кернеп,

Мәрмәр теңізінен өткен бабаң қылыш сермеп.

Үш құрлықтың қожасы болған бабаң,

«Османлы» болып тарихқа салған өрнек.

У барма еді тарихта сен ішпеген?!

Жан қалама көкжалдардай алыспаған?!

Бір өзіңе оншақты ел жабылғанда,

Сен едің тажалға беріспеген!

Ұрпағысың көкбөрінің атың – Түрік!

Шыңдалғансың дауылдарда өмір сүріп.

Болашақ жолыңды табаныңа төсеп берген,

Бабадур атаң – Мұстафа Кемал Ата-Түрік!

Бүгінгі күндер қаралысың, қайғың ауыр,

Көк Тәңір жарылқасын, қылғай сабыр!

Жеңесің, сен жеңесің қиындықты,

Бөліседі қарға тамыр Түрік бауыр!

Жаратылыс заңдарына шара бар ма?!

Әлі де жүк көтерерсің қара нарша.

Біз біргеміз, мәңгілік достықтамыз,

Көңіл айтам Қазақтардан қардашларға!

Сабыр! Анадолы....

Уәлібай Нұрбақыт, аға оқытушы

КРАСИВЫЙ РУБЕЖ В ЖИЗНИ ЖЕНЩИНЫ

(к 90-летию ветерана Атырауского университета
им. Х.Досмухамедова Е.А.Таскинбаевой)



Атыраускому университету имени Халелы Досмухамедова, одному из старейших вузов региона, исполнилось 72 года. Два года назад руководством вуза и коллективом были запланированы большие юбилейные мероприятия, проведение которых было отложено по объективным причинам. Так получилось, что празднование юбилея вуза совпало с карантинными годами.

В настоящее время в университете проводится большая работа по осмыслению роли вуза в социально-экономическом развитии нашего региона, по сохранению памяти о преподавателях-ученых, внесших вклад в развитие вуза (проводятся научные конференции, открываются учебные аудитории, которым присваиваются имена ученых). Одним из таких преподавателей является почетный доцент кафедры русской филологии Таскинбаева Ермак Алдияровна, 90-летие которой торжественно отмечается в марте.

Наше первое знакомство с Ермак Алдияровной состоялось в восьмидесятилетие, она читала лекции по методике преподавания русского языка нам, тогда студентам третьего курса. Помню, в аудиторию вошла милостивая женщина с мягкой улыбкой на лице, обрамленном светлыми, вьющимися волосами и обратилась к нам так, как принято обращаться в школе: «Ребята!». Лекционные и практические занятия преподавателя-практика были интересными, потому что неизменно подкреплялись примерами из большого опыта работы в школе. Как у всех студентов у нас тоже были случаи нарушения учебной дисциплины, но Ермак Алдияровна с неизменной улыбкой, говорящей о том, что она знает о том, какие мысли роятся в студенческих головах, потому что сама была студенткой, простила нас. Справедливость ее требований мы осознали, будучи на первой педагогической практике. Слегка ошалевшие от обилия впечатлений и множества заданий, порученных студенту-практиканту, который должен был готовиться к проведению уроков, быть классным руководителем, уметь усмирять шестиклассников-пятиклассников, мы, растерянные, шли за помощью к нашему руководителю Ермак Алдияровне. Она помогала нам писать поурочные планы, посещала и анализировала наши занятия, четко определяя плюсы и минусы наших первых уроков, выписанных в две графы в толстой тетради.

Это все личные воспоминания, связанные с годами общения с преподавателем, и такие, а может быть еще более красочные воспоминания, я уверена, хранятся в памяти благодарных выпускников Ермак Алдияровны.

Знакомясь с материалами для статьи, я с удивлением для себя обнаружила страницы книги, написанные Ермак Алдияровной. Вот еще одно доказательство многогранности личности. Книга

посвящена описанию жизни семьи Таскинбаевых, но, что удивительно, читается легко, потому что в судьбе семьи отражается судьба поколения. Хотелось бы привести строки, в которых дается описание родных для Ермак Алдияровны мест, она родилась на промысле Доссор Гурьевской области 27 февраля 1933 года, в 1935 году семья переехала в поселок Косчагил, где в 1951 году она закончила школу:

«Мое детство прошло в Косчагиле. В тот период это был цветущий, шумный веселый поселок. Достопримечательностью был великолепный клуб, невиданных для нас размеров. Возле клуба был огромный сад, ухоженный, красивый, с тенистыми аллеями, с клумбами цветов. В саду росла джидра, единственный «фрукт» военного времени. Джидра привлекала детей своим ароматом, но был грозный садовник, который всегда гонялся за детворой».

С 1951 по 1955 годы юная Ермак обучалась в Женском педагогическом институте в городе Алматы по специальности русский язык и литература, с 1955 по 1959 работала учителем русского языка и литературы в средней школе имени Абая поселка Кульсары. С 1959 года после переезда в Гурьев Ермак Алдияровна работает по специальности в школе имени С.Орджоникидзе. В 1967 она проходит конкурс и ее принимают на работу в качестве старшего преподавателя кафедры современного русского языка и методики преподавания Гурьевского педагогического института, где она проработала до 1990 года, года выхода на пенсию.

Работа в вузе, по словам юбиляриши, были наполнены интересными планами. Ей всего 34 года, за плечами успешное обучение в столичном вузе, педагогический опыт работы в сельской и городской школе. Как отмечает Ермак Алдияровна, она с радостью встретилась с филологами-учеными и безмерно благодарна коллективу кафедры, способствовавшему ее профессиональному и личностному росту. В то время на историко-филологическом факультете работали опытные преподаватели, кандидаты филологических наук Н.Е. Бахарев, Н.А.Богданов, старшие преподаватели Л.М.Жегулина, Н.П.Коньсова, Л.Н.Донскова, М.А.Адрисова, а также молодые преподаватели, кандидаты филологических наук Р.С.Гильманова, Н.Ж.Умурзакова и др.

Старшему преподавателю Таскинба-

старалась использовать достижения передовых учителей-новаторов при проведении лекционных и практических занятий по методике преподавания русского языка. Как преподаватель-практик, знающий проблемы школы, Ермак Алдияровна осознавала, что образовательный процесс требует от школьных педагогов постоянного совершенствования, в том числе и в вопросах научно-методической квалификации, важной частью которого, безусловно, является знание научных достижений. Учитывая, что участие в дискуссиях, мастер-классах не только расширяет общенаучный и профессиональный кругозор

Есен Таскинбаевич после окончания Московского нефтяного института имени И.М.Губкина вернулся в родные места. Трудовую деятельность он начал на нефтепромыслах объединения Эмба-нефть и продолжил на государственной службе в качестве одного из первых руководителей города и области. Власть меняет некоторых людей, но Есен Таскинбаевич всегда оставался человеком скромным, интеллигентным и очень добрым. Но в то же время способным принимать смелые и неординарные решения при решении производственных задач.

Трогательные воспоминания, связан-



Студенты 5 курса РКШ провожают на пенсию своего куратора Ермак Алдияровну 30.06.1990г.

учителя, но и помогают учителю критически и творчески относиться к собственному профессиональному росту, она привлекала учителей школ и сама активно участвовала в работе научно-практических конференций, проводимых в институте, а также в районных и сельских школах. Она также выступила с докладом «Эстетическое воспитание на уроках русского языка в национальной школе» на республиканском семинаре-совещании учителей русского языка, результаты ее научной работы печатались в республиканском журнале «Русский язык в казахской школе». Многолетняя педагогическая деятельность достойно оценена общественностью, так, Ермак Алдияровна была награждена знаком «Отличник народного просвещения Казахской ССР», медалью «Ветеран труда», почетными грамотами областного маслихата, профсоюза работников образования, облоно, благодарственными грамотами руко-

ные с их знакомством, даются в упомянутой выше книге:

«В Кульсарах в то время был знаменитый клуб барачного типа. Играли вальс-бостон, танго. Все было красивыми, одухотворенными. Каждый находил своего партнера. Я выбрала самого высокого, красивого, элегантного парня, его звали Есеном. Оказалось, я выбрала судьбу». Далее началась жизнь, нелегкая, но счастливая жизнь жены, снохи, матери.

В рассказе Ермак Алдияровны о семье особое место занимают воспоминания о детских годах дочерей Гульнары, Гульжан, Эльмиры, и здесь несомненно проявился талант ее как воспитателя. По словам Ермак Алдияровны, она благодарна судьбе еще потому, что дочери оправдали надежды, они являются достойными представителями большой семьи Таскинбаевых. Дети состоялись как профессионалы, они имеют свои семьи, воспитывают детей. И еще они пишут по-детски трогательные поздравления родителям, строки из которых хотелось бы привести здесь.

Из письма Гульжан к юбилею мамы: «Дорогая мамочка! Как неумолимо быстро летит время. Совсем скоро мы все вместе будем отмечать твой большой юбилей! Вы с папой еще маленькими детьми рано потеряли родителей, прошли через войну, испытали голод, бедность, но сумели сохранить радость жизни, оптимизм, веру в лучшее. Вы прошли все этапы становления семьи, поддерживая друг друга в трудные минуты жизни. Спасибо вам за вашу работу, за возможность быть в теплом родительском доме, наполненном гостями, конечно же вкусной маминой едой», строки из письма младшей дочери Эльмиры: «Милая мамочка! Поздравляю тебя с юбилеем! Мне очень повезло родиться в такой счастливой семье, у таких талантливых, одаренных родителей. Здоровья вам с папой большого и желания жить дальше в окружении детей, внуков, родственников!»

Вот так в дни празднования 90-летнего юбилея ветерана Атырауского университета имени Х. Досмухамедова Ермак Алдияровны Таскинбаевой мы еще раз осмыслили ее жизненный путь и были восхищены ее жизненной силой, умением создавать доброжелательную атмосферу, желанием жить полнокровно и ярко, не теряя интереса к людям, гармонией, царящей в душе нашей героини.

А.Ж.УМУРЗАКОВА,
кандидат филологических наук,
профессор кафедры
русской филологии



Преподаватели кафедры русского языка и методики Гурьевского пединститута провожают на пенсию Ермак Алдияровну Таскинбаеву (30.06.1990г.).

На снимке преподаватели Ермольчева В.И., Умирзакова Н.Ж., Адрисова М.А., Бахарев Н.Е., Гельманова Р.С., Таскинбаева Е.А., Кенжебаева Ж., Дамебаева М.А., Камелова С.И., Матжанова М., Куркутова М.Б., Коткова Т.Г., Богданова Н.А.

евой Е.А. было поручено чтение основного лекционного курса профессиональной подготовки будущих учителей русского языка и литературы в казахской школе «Методика преподавания русского языка и литературы» и проведение практических занятий по современному русскому языку. Призная важность выработки практических умений и навыков при подготовке будущих учителей, преподаватель Таскинбаева Е.А.

водства вуза, в 2002 году ей присвоено звание почетного доцента Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова.

Но описание личности многоуважаемого ветерана не будет полным, как она сама утверждает, без упоминания спутника жизни, супруга Ермак Алдияровны, Есена Таскинбаевича Таскинбаева - государственного и общественного деятеля, известного в западном регионе.



«Қазақстан – жас әрі жастардың мемлекеті! Жастарымыз – дамудың қозғаушы күші. Барлық мемлекеттік органдардың міндеті – жастардың өзін өзі жақсы танытуына жағдай жасау және олардың оң бастамаларына қолдау көрсету»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»

ЖАСТАР САЯСАТЫ ДЕПАРТАМЕНТИ университеттің қоғамдық, әлеуметтік-мәдени іс-шараларын ұйымдастырып, студенттермен тығыз жұмыс жүргізетін құрылымдық бөлімше. ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңына сәйкес жастар саясатын жүзеге асырып, маңызын айқындайды. Университеттегі қоғамдық-тәрбие жұмысы тікелей департаменттің басшылығымен іске асып отырады.

Жастар саясаты департаментінің мақсаты – жастардың азаматтық, әлеуметтік, тұлғалық қалыптасуын және олардың әлеуметтік, инновациялық салада дамуына жағдайлар жасау. Студентке жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамытып және сонымен қатар Қазақстанның ұлтжанды азаматы ретінде әлеуметтік қызметте жоғары кәсіби біліктілігін дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Студенттік парламент студенттердің дәстүрлерін сақтау және дамыту, азаматтық мәдениетті, студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуіне, дербестігіне, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту қабілетіне жәрдемдесу, университеттің басқаруына студенттердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету, білім беру процесінің сапасын бағалау мақсатында құрылған күндізгі нысанда бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын университет студенттерінің сайланған өкілді органы.

«Халел гранд» КВН командасының мақсаты – жастарды адамгершілікпен ізгілік рухында тәрбиелеу, шығармашылық бастамаларға қолдау таныту, университетті түрлі деңгейлерде таныта алатын, КТК қозғалысын дамытатын дарынды тұлғалар мен жаңа командаларды айқындау. Университеттегі студент жастар арасында КТК ойындарын дәріптеп, олардың өзара байланыстарын кеңейту, одан әрі нығайту.

«Саналы ұрпақ» СЖҚК студенттік клубының мақсаты – білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жою, сыбайлас жемқорлықты жалпыға ортақ пайдаланудан бас тарту жағдайын

қалыптастыру. Міндеті – Қазақстандағы жастардың ұлтжанды, бәсекеге қабілетті және сындралы бағытта сыбайлас жемқорлықтан еркін өмір сүруі.

«SAF» студенттік театрының мақсаты – жастардың шығармашылық қабілеттерін ашып, таланттарын еркін көрсетуге үлес қосады. Жауапкершілік пен еңбексүйгіштік, сахна мәдениеті мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған орта. Студенттік театр ресми мерекелер мен сабақтан тыс уақытта қойылымдар сахналайды, арнайы жаттығулар жүйелі түрде жүргізіледі.

«Ақтаңгер» ақындар клубы – университеттің ақын студенттерінен құралған шығармашылық клуб. Ол студенттер арасында рухани-әдеби орта қалыптастыру, өлең жазатын талантты жастардың шығармашылығын көпшілікке таныстыруды мақсат етеді.

«ASU life» медиаclubының мақсаты – университеттегі шараларды студенттерге ақпараттық, әлеуметтендірушілік, қоғамдық тиімділікпен ақпарат көзін беру, университет және облыстық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін, ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамыту.

«Kids university» балалар университеті – жазғы маусымда жүзеге асырылатын жоба. Онда балалар студент қатарына қабылданып, оны растайтын куәлік алады. Балалар университетінде оқу-ғылым бағытын үйретуен қатар, әртүрлі тренинг-ойындар ұйымдастырылады.

Парасаттылық мектебінің мақсаты – жастар арасында адамгершілік қасиетті, адалдық пен мәдениеттілікті, ізгілік пен имандылықты, парасатты да зиятты тұлғаның мінез-құлқының үлгісін қалыптастыру және жаңа формациядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыстың адал да жас өкілдерін дайындау.

«VOLASHAQ» спорттық-мәдени клубы – университетіміздегі спорттық және мәдени шараларды ұйымдастыру бағытында құрылған клуб. Мақсаты – салауатты өмір салтын ұстануды

қалыптастыру, студенттер арасында спорттық іс-шаралар мен сайыстарды ұйымдастыру, студенттерге азаматтық білім мен патриоттық тәрбие беру, университеттің спорт және туризм саласына үлестерін тигізу.

Студенттік кеңес – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттік жатақханаларында тұратын белсенді студенттерден құралған ұйым. Жатақхананың ішкі тәртібіне жауап беріп, тазалық пен ұқыптылықтың сақталуын қадағалайды. Міндеті – жатақхана тұрғындарының «Жатақханада тұру ережелерінің» талаптарын сақтауын қадағалау, сонымен қатар жатақхана өмірін жандандыру мақсатында мәдени іс-шаралар (спорттық, рухани, ойын-сауық кештері) ұйымдастыру.

BVS еріктілер клубының мақсаты университет шараларына белсенді араласып, көмек қолын созу, қоғамның дамуына үлес қосу. Волонтерлер – тек альтруистер емес, олар тәжірибе алу үшін, дағдыларды және білімдерді арттыру үшін, дербес қарым-қатынастың қағидаларын білу үшін жұмыс істейді.

«Сана» кітап клубының мақсаты – білім іздеген жас студенттер арасынан сапалы орта құрып, жас студенттерді кітап оқуға сауатын ашып, уақытты тиімді әрі пайдалы ету, сондай-ақ, жастардың кітап оқуға ынтасын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.

«SENATOR» пікірсайыс клубының мақсаты – студенттер арасындағы сөйлеу өнерін дамыту, жастар мәселелеріне қызығушылықты арттырып, шешілуіне ықпал ету, жоғары интеллектуалды, адамгершілігі мол жастардың жаңа буынын қалыптастыруға жол ашу.

«Қыз Жібек» клубының мақсаты – студенттер қыздарды ибалылыққа, әсемдікке баулып, эстетикалық тәрбие беру, қоғамда азаматтық ұстанымы, білім-білігі мен ақыл-парасаты бар, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін бүгінгі қазақ аруын қалыптастыруға ықпал етіп, қажетті ақыл-кеңестер беріп, қолдап отыратын орта құру.





МАРТА АПАЙ

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жылыой аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Бақсай ауданы Таңдай ауылындағы «Гурьев қаракөл кеңсары» саяси бөлімінің басшысы, кейін кеңсар директоры болды. 1950 жылдары Редут, Сарайшық ауылдық кеңестерінің төрағасы қызметін атқарған.

Анасы – Бисалиева Ағибаш Ақжайық селосындағы (8 ауыл) Қызыл үй орталау мектебі 1932 жылы аяқтайды. Оқуға деген зеректігі ерте байқалған шәкірт білімін Гурьев педагогикалық техникумында жалғастырады. 1937 жылы бастауыш мектеп мұғалімі болып Редут селосында еңбек жолын бастап, 1940 жылы 10 қыркүйекте аудан жастарының сенімімен Бақсай аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланады. Ел басына қатер төнген шақта «Барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін!» атты айбынды ұранмен аудан жастарын тылда жанқиярлықпен еңбек етудегі көшін бастады. Есімі Махамбет ауданының тарихында қалды.

Ұстаздық жол – Марта Әліпқызының өз таңдауы. 1960 жылы Жаманқала орта мектебін бітіріп, 1964 жылы Гурьев педагогикалық институты филология факультетінің «Ұлттық мектептерге орыс тілі және әдебиет мұғалімі» мамандығын алады. 1960 жылы Гурьев педагогикалық институтына Ақтөбе институты қосылып, оның кітапханасы, профессор оқытушылар құрамы келіп, ірі оқу орнына айналды. Ол күндер туралы Марта Әліпқызы: «Студенттік жылдарды біз, курстастар институт бітіргенімізге 59 жыл өтсе де, өте жылы сезіммен, сағынышпен еске аламыз», – дейді.

М.Ә.Әдрісова Гурьев, Астрахан облыстарында онбір жыл мектеп мұғалімі болып талай шәкірттің жүрегіне жол тауып, елі үшін жан-тәнімен адал қызмет етті. Марта Әліпқызы 1975 жылдың 1 желтоқсанынан 2011 жылға дейін Х.Досмұхамедов атындағы университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент болып еңбек етіп келген.

Кафедрада «Орыс тілін оқыту әдістемесі», «Орыс және қазақ тілдерінің салыстырмалы типологиясы», «Аударманың теориясы және практикасы», «Қазіргі орыс тілі» пәндері бойынша сабақ беріп, оқыту тәжірибесін басқарды, кафедрада әдістемелік семинарларды жүргізді, мектептермен үнемі байланыста болып, мектеп оқытушыларының орыс тілі және әдебиет пәні бойынша облыстық олимпиадаларда қазылар алқасының мүшесі болды, ғылыми оқу жұмысында орыс тілін оқыту әдістемелерінің өзекті мәселелері тақырыбында

мақалалар жазып, студенттерге арналған бірнеше оқу-әдістемелік құралдар жинақтарын баспадан шығарды. Атап айтқанда, «Ақын Олжас Сүлейменовтің поэзиясы», «Махамбет шығармаларының орыс тіліне аударылуы», «Кемеңгер Абайдың орыс ақындарын қазақ тіліне аударуы» және т.б.

Марта Әліпқызы ұстаздық жолда білім алушыларға Абай аударған А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан, «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьянаның Онегине жазған хаты» т.б. үзінділерін талдап, ғылыми ортаға паш етті. Ақын Абайдың XIX ғасырдың аяғында аударып кеткен М. Лермонтов, Я.Полонский өлеңдерін шәкірттерге терең түсіндіріп, аудармашылықтың үлкен еңбек, терең білім, сезімталдық, басқа халықтың менталитетін білу, тіпті өз шығармашылығынан да жауапты екендігін ұғындырды.

Ұлағатты ұстаздың абыройлы еңбегі туралы Х.Досмұхамедов атындағы университеті Ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Нағимов Шахман былай дейді: «Марта Әліпқызы орыс тілінің жетік маманы болды. Біздің университетте орыс тілі кафедрасында ұзақ жылдар бойы өте жоғары деңгейде еңбек етіп, мыңдаған студенттерге қазақ мектептерінде орыс тілі мамандығын беруге зор үлес қосты. Ол кісі шынайы педагог бола білді. Өте қарапайым, кішіпейіл, ешкімнің бетіне қарап дауыс көтермеген инабатты адам ретінде өте жоғары бағалаймын».

Марта Әліпқызы өмірлік жолдасы, облыста білім және ғылым саласы қызметкерлері кәсіподағының негізін қалаушы Айбосынов Аманкелді Кәрімұлымен отбасын құрып, бір ұл және екі қызды дүниеге әкелді. Қазір олардан бірнеше немере-жиен, шөберелер көріп отыр.

Доцент М.Ә.Әдрісованың ұзақ жылғы еңбегі жоғары бағаланып «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен және көптеген мақтау қағаздарымен марапатталды. «Еңбек – бейнет емес, зейнет» дегендей, Марта апай бүгінде құрметті зейнеткерлікте.

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
«Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

«КӨКЖАЛДАР» АТТЫ ПОЭМАМ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ



Үәлібай Нұрбақыт 1972 жылы сәуірде ҚХР Іле Қазақ облысы, Күнес ауданы, Бестөбе ауылында туылған. 1990-1995 жылдары Бейжің ұлттар университетінде оқыған. 1995-2006 жылдары Құлжа қаласы, Іле педагогикалық университеті қытай филологиясы факультетінде оқытушы болған. 2006 жылы тарихи Отанына оралып, Қазақстан азаматтығына өткен. 2010 жылдан бері Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әлем тілдері, кейін көптілді білім беру факультетінде ұстаздық етуде. Ал 2017 жылдың қаңтар айынан бастап «Жібек жолы-бауырластар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болып қосымша қызмет атқарады.

– Үәлібай Нұрбақыт, алдымен өзіңіз өскен ортаңыз, ата-анаңыз, оқыған мектебіңіз жайлы айтып өтсеңіз?

– Мен 1978 жылы Қытай Халық Республикасы Іле Қазақ облысы Күнес ауданындағы N1 бастауыш мектепте, кейін N1 орта мектепте оқыдым. 1990 жылдан 1995 жылға дейін Бейжің қаласындағы Орталық ұлттар университетіне оқуға түсіп, Қытай филологиясы мамандығы бойынша бес жыл білім алдым. Ал, өскен ортам – өзімнің туған ауылым. Бір өкініштісі, әкешем менің бала күнімде өмірден ерте кетіп, әкемнен бір жасымда, шешемнен жеті жасымда қалып, олардың ыстық мейірімін көре алмай өстім. Негізінен, біз жеті ағайындымыз, қазір алтауымыз бармыз. Солардың ішіндегі ең кенжесі – өзім. Аға-апаларымның үшеуі Қытайда, біреуі

Астанада тұрса, біреуі Алматыда тұрып жатыр, ал мен атыраулық болып кеттім.

– Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауы ма, әлде басқа жайлар себеп болды ма?

– Ұстаздыққа өзім қалап келдім. Университеттің бесінші курсына оқып жүргенде Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық университетінде практикадан өткен болатынмын. Сол жерде қазақ тілі мен әдебиеті деген мамандық бар екен. Мен қазақ тілі грамматикасынан қытайларға сабақ бердім. Өйткені, оларда екі жылда бір рет (қазақ тілін үйрететін) арнайы қытайлар курсы оқытылады екен. 1994 жылы күзде шекара қызметіне қазақ тілін білетін мамандар дайындап жатқан кез. Өзім 20 сағаттай сабақ тыңдағасын біз сияқты болашақ ұстаздарға

жиырма сағаттан жоғары сабақ беру міндеттелетін-ді. Сөйтіп, Уренжібай атты ұстазымның жетекшілігімен оқытушылардың алдында сабақ өткізуге тура келді. Әсіресе, алғаш рет сабақ өткізу маған тіптен қызықты болды. Кейін өзім практиканы аяқтап кетер кезде мектеп басшылығы «Сен кейін қайтып бізге келсең, жұмысқа аламыз» деген болатын. Бірақ, мені «Қытай тілі факультеті» жұмысқа алды.

– «Жақсы ұстаздың соңынан жақсы шәкірті ереді» деген қанатты сөз бар. Шәкірт тәрбиелеуде, оны жеңіске жеткізуде қаншалықты жұмыстану керек?

– Менің қазіргі мамандығым қытай тілі болғандықтан бұл тіл басқа тілдерге тіптен ұқсамайды. Оны ауызекі тілде үйрену оңай. Ал, жазба тілдің жазуын үйрену кішкене ауыр түседі. Қарапайым сөйлесе алу деңгейіне жеткізу үшін бұған жарты жылдай уақыт кетеді. Академиялық аудиторияға оқыған кезімізде өзіміз де осынша уақытта үйрендік. Дегенмен, мұның да тереңдетіп оқытатын әдістері мен халықаралық стандарттары бар. Ол жалпы алты деңгейге бөлінген. Бірінші, екінші деңгейін 1 курста, үшінші, төртінші деңгейін 2 курста өткізсек, үшінші курста 4, 5 деңгейінің ортасында болады. Енді алтыншы деңгейге жеткізу үшін оған көп оқыту мен ізденіс қажет.

– Атырауға шетел тілі оқытушысы болып жұмысқа келуіңіз қалай болды?

– Иә, әрине. Қытай тілін Атыраудың бетке ұстар университетінде оқыту бастамасы алғаш 2009 жылы қолға алынып, ол «әлем тілдері» факультеті оқытатын мамандықтар қатарына кіріпті. Сол жылдары Бейжің қаласындағы университетте маған сабақ берген Алматыда тұратын ұстазым өзімен жолыққан сәтінде «қытай тілінен сабақ беруге сенен лайықты адам жоқ» деп менің мұнайлы өңірдегі жоғарғы оқу орнына баруымды сұрады. Содан бері Х.Досмұхамедов атындағы университетте студент жастарға қытай тілін оқытып келемін.

– «Басқаларды үйрете жүріп, біз өзіміз үйренеміз» деген сөзді қалай түсінесіз?

– Атақты ғалым Конфуцийдің бір сөзі бар. «Үш адам кетіп бара жатса, соның біреуі

– сенің ұстазың» дейді. «Мынау қайнаған ортада әр адамның бойында үйренетін бір жақсы қасиеті болса, соны өзің үйренуің керек» дегені де бар. Кейбір адамдардың сен үйреніп алатын өзіндік артықшылығы болады. Бұрын басқа салаларға көп мән бермейтінмін. Бірақ, соңғы кезде телефоннан «Жүзім» деген бір сайтқа тіркелдім. Сөйтсек, жүзімнің 130 түрі болады екен. Сегіз айдан бері осы топта отырып, жиырма шақты жүзім түрінің егілуін, баптауын, бәрін үйреніп алдым. Жеміс ағаштарының ішіндегі алманың бірнеше езу түрін де үйреніп жатырмын. Қолым босаған жаз айларында өз сұранысыма қарай қосымша жұмыспен айналысу үшін жергілікті кәсіпкерлікті қолдаушылар жер телімін беріп жатса, жүзім, алма шаруашылығын ашсам деген ойым бар.

– Қандай жоспарларыңыз бар? Шығармашылықпен айналысуға уақыт табасыз ба?

– Болашақта студент жастарға пайдасы тиер 6-7 оқулық кітап жазып шығару ойымда жүр. Бәрі оңынан болса, бұл шаруаны алдағы он жыл көлемінде жүзеге асырғым келеді.

Сабақтан тыс кезде қолым сәл босаса, қосымша шығармашылық жұмыстармен айналысамын. Бұрын Қытайда жүргенде қытай студенттері мен шетелдіктерге қазақ тілінен, қазақтар мен ұйғырларға «Қытай тілі грамматикасы», «Аударма теориясы», «Салыстырмалы грамматика» пәндері бойынша сабақ бергенмін. Атырауға келгеннен кейін шет тілін үйретуде әдістемелік бағытта оқулықтар жазудан тыс тарихи тұлғаларды образға айналдыру жағынан да көптеген ізденістер жасап, 2017 жылы «Көкжалдар» поэмалар жинағын, 2019 жылы «Ғалибек Хакім» атты өлең-романын жазып шығардым. «Көкжалдар» атты поэмаларды белгілі драматург Рақымжан Отарбаев кезінде өте жоғары бағалаған еді. Бұл енді 1300 жылдың алдындағы тарих. Ол туралы Рақымжан ағамыз тарихи дастандардың ішіндегі Ілияс Жансүгіровтің «Құлагерінен» кейінгі екінші поэманың қатарына қосып, «осы поэмадан спектакль жасап, бүкіл республикаға танытамын» деген болатын. Алайда, сұм ажал жақсы ағаны ортамыздан ерте алып кетті.

Сұхбаттасқан
Фархат БАЛҒОЖИЕВ



ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ ГЛАЗАМИ МОЛОДЕЖИ

Экология, как привило это наука, от которой зависит уровень нашей жизни, здоровья и комфорта пребывания в этом мире. Учитывая сегодняшнее взаимодействие живых организмов с окружающей средой, нам не составит большого труда определить, что хорошо, а что плохо для здорового состояния нашей планеты. Ведь абсолютно все экологические проблемы начинаются с малого и заканчиваются экологическими катастрофами.

Экология несет с собой огромное значение для здоровья и жизни человека так, как человек может оставаться здоровым и жить полноценной жизнью только в здоровой, экологической окружающей среде. Вследствие чего было доказано, что экология — это наука о здоровье окружающей среды.

Рост величины и численности населения укрепляет экологические проблемы больших и малых городов. Экологические проблемы стали неотъемлемой частью существования для жителей города Атырау.

О дренажной системе города говорят давно. Город регулярно спасается от потопов и скопившейся воды,

вызванных тальми водами и проливными дождями. Людям трудно передвигаться, в городе есть дороги, но не везде есть тротуары, что значительно усугубляет ситуацию.

Проблема обмеления Урала тоже немало беспокоит жителей города Атырау. А за последние годы ситуация только обострилась, и проблему можно увидеть невооруженным глазом. На реке Урал имеется еще одна проблема – загрязнение и регулярные вредные выбросы, из – за чего гибнет рыба.

Это не все перечисленные экологические проблемы, которые имеются у нас в городе. Но факт остается фактом, они есть и до сих пор остаются не решенными. И всё же вопрос сохранения экологии тревожит наши умы, и остаются актуальными для всех возрастов и поколений. А это значит, что человечество на верном пути. Ведь главное в решении любой проблемы — это осознание её глубины и признание её существования.

Саида ЖИЛКИШИЕВА,
студентка 2 курса
кафедры журналистики

МАСТЕР – КЛАСС ПО ФОТОИСКУССТВУ



В Атырауском университете имени Х. Досмухамедова прошла встреча с Асылханом Абдираимовым и Шукриром Шахаевым, кавалером ордена «Құрмет». Асылхан Абдираимов известный фотопублицист, который внёс огромное развитие в казахстанское искусство фотографии, является президентом общественного объединения «Фотоонер».

Мастера фотографии поведали студентам о тонкостях фотоискусства, объясняли, как правильно подобрать ракурс, чтобы внимание зрителей было привлечено к главным объектам съёмки. К тому же, продемонстрировали как будет выглядеть снимки в разных композициях и с разными настройками фотокамеры. Они рассказали для чего нужна чувствительность, выдержка и диафрагма в настройках камеры. Асылхан Абдираимов показал свои фотографии и описал историю их создания, что не оставило равнодушным тех студентов, которые увлекаются фотографией.

На мастер-классе также выступили главный редактор общественно-политической газеты «Атырау» Назарбек Косчиев, заместитель главного редактора Азамат Базарбаев и известный фотокорреспондент Ерлан Алтыбаев.

К концу встречи были разыграны призы в виде авторских книг Асылхана Абдираимовы и были выданы сертификаты. В розыгрыше призов участвовали 6 студентов. Все они отвечали на вопросы, заданные мастерами фотоискусств. Трое студентов выиграла книжки, а остальные – сертификаты.

Присутствующим на мероприятии было очень интересно послушать профессионалов своего дела, а учащимся, у которых фотография – это хобби, закрепить теоретические знания и узнать много нового.

Георгий ШАПОШНИКОВ,
студент 3 курса
кафедры журналистики

ОНИ ДЛЯ НАС - СТРАНИЦА В ЖИЗНИ, А МЫ ДЛЯ НИХ - И ЕСТЬ ВСЯ ЖИЗНЬ

Начнем с того, что лично я обожаю животных. С годами я стала более трезво рассуждать проблему бездомных животных и то, как стоит в целом относиться к ним. Не могу назвать себя волонтером, хотя при какой-либо возможности стараюсь помочь братьям нашим меньшим.

Одним летом мы с другом сделали гараж нашим «убежищем», но там все равно было как-то пусто и не уютно. В один момент на нашем пути встретился котенок. Это было трехцветная девочка, которая очень сильно нас боялась. Чтобы поймать эту шустрю мышку, нам пришлось потратить около часа времени, если не больше. Потом около 3 дней на ее приручение в гараже, ибо она залазила в труднодоступные места и совершенно не хотела идти к нам на контакт. Когда она наконец приняла нас, то стала самой преданной кошкой. Мы дали ей имя – Вита, она стала первой кошкой, которой мы нашли дом.

Все те котята, которых мы находили мы пристраивали в хорошие руки. Отдавать каждого котенка было для меня очень тяжело. Ты никогда не знаешь наверняка, какие это люди на самом деле, будет ли этот котенок счастлив? Правильное решение ты принял или нет? После пары таких животных я подумала бросить всю эту затею, ведь морально я уже не выдерживала. Но каждый раз встречая брошенных созданий, мы продолжали брать их с собой.

Концом всей этой истории стал мой котик. Когда мы нашли его, те чувства, которые я испытала совершенно не сравнятся с теми, которые были с другими. Подержав его в руках, я сразу поняла, что это мой кот и во что бы то ни стало, он будет жить со мной. Моя семья сильно против кошек и собак, речи и быть не могло о том, чтобы взять кота в дом. Бублик (так его зовут) жил в гараже практически год, прежде чем я смогла уговорить маму забрать его домой.

Я поговорила с новыми хозяевами кошек, которых нам удалось пристроить. Кошка Лола, одна из бывших наших



подопечных, попала в прекрасные руки своего нового хозяина Артема Дыгина.

– Расскажи немного о своей любимице.

– Она жизнерадостная, очень умная, знает команды. Всегда рядом со мной, все время ходит хвостиком, даже спит возле меня.

– Как изменилась твоя жизнь с появлением Лолы?

– Только в лучшую сторону. Жизнь стала более веселой.

– С какими трудностями ты столкнулся, когда Лола только появилась в твоей жизни?

– В то время у нее были проблемы со здоровьем, но смогли вылечить. Как я и говорил она очень умная и сразу привыкла ко всему.

– Жалел ли ты хоть раз, что завел кошку?

– Нет, не капельки не пожалел.

Вита и Мурка первые кошки, которых мы взяли в гараж и первые, кого мы пристроили в хорошие руки. Их новым хозяином стал Кирилл Ефремов (имя изменено).

– Расскажи о своих кошках.

– На даче они быстро освоились, им очень нравится лазить по дереву и дому. Эти кошки прирожденные охотницы. Очень дружелюбные, смогли подружиться с двумя овчарками, которые также живут на даче. На даче их научили различным командам. Мурка – умная и красивая, а Вита – веселая и активная, иногда создавалось впечатление, что Вите вообще не нужен отды.

– Как изменилась твоя жизнь с появлением Мурки и Виты?

– Домашний питомец, которого можно погладить, потискать – снижает уровень стресса. Даже когда ты занят делами, за ними очень интересно наблюдать.

– С какими трудностями ты столкнулся, когда кошки только появились в твоей жизни?

– В первые дни Мурка освоилась быстро, сразу начала охотиться на разных насекомых, освоилась с собаками, совершенно не боялась их. Ходила по даче, как настоящая хозяйка. А Вита была более пугливой в этом плане, но в итоге они обе освоились. Одной из главных проблем была – копанье грядок и то, что они точили когти об деревья.

– Жалел ли ты хоть раз, что взял их на дачу?

– Хотя по началу с ними были некие трудности и члены семьи к ним привыкали дольше, но они подарили яркие эмоции, поэтому я ничуть не жалею.

Бублик последний кот, которого мы брали для пристройки. В итоге он живет со мной и с ним я самый счастливый человек. Вопросы я решила задать своей маме Марине Солодовниковой, которая до этого и думать не могла, что впустит в дом животное.

– Расскажи немного о Бублике.

– Бублик, член нашей семьи. Как и мы бывает разный: нежный, хитренький и глупенький, умный и с капризами, но при этом уживчивый и спокойный.

– Как изменилась твоя жизнь с появлением Бублика?

– Проблема линьки и иногда копанье цветов, за всякие шkodливые поступки, за которые он конечно получает. Бублик прекрасно уживается в нашей семье и старается вести себя прилично. Подстраивается под нас, но все же пытается показать себя хозяином.

– Жалела ли ты, что взяла кота в дом?

– Конечно бывали моменты, когда думала «как я могла на это согласиться?». Но понимаю, что уже никогда и никому его не отдам.

Когда вы берете в дом животное – это может принести массу проблем и неприятных вещей. Из-за этого люди часто вы-

кидывают своих любимцев или отдают другим людям. Когда вы решитесь взять в дом животное, то стоит заранее обдумать те трудности, которые они вам принесут. Из примеров могу привести:

– Шерсть. Она будет везде и всюду. Обычным вычесыванием от нее никак не избавиться, особенно в период зимний и летней линьки.

– Котята часто не приучены к лотку. Тут только ваши старания, терпение для устранения этой неприятности. В интернете много идей, как быстро приучить котят к лотку.

– Кошки дерут обои, мебель. Лично для нас решением стало – приобретение когтеточки. Также пушистых друзей можно отучить от этого, либо как альтернатива следить за когтями и стричь их по мере необходимости. Сейчас в зоомагазинах продаются резиновые «напальчники», которые надеваются на когти.

– Финансовые затраты. Их будет много, лечение стоит дорого, лекарства, прививки – все это требует трат денег. Магазинные корма не самая полезная еда для наших зверей, а специализированные корма стоят дорого.

Это только малая часть тех вещей, с которыми вы можете столкнуться. Животные – это такие же члены семьи. Каждую проблему можно решить, выбор остается только за вами. Думать, что кошечка или собачка – это просто игрушка для ребенка совершенно неправильно.

Какие же плюсы есть в том, что дома есть животное? Причем не важно какое будь то рыбка или попугай. Главное, чтобы вы хотели это животное и желали заботиться о нем. Ребенок, если у него появилось желание заботиться о животном, будет становиться ответственным. Но только при том, что к выбору животного он подошел со взрослых подходом. И конечно же, если он хотел это животное. Важно воспитывать в детях любовь к животным, лишь мирным путем мы сможем чего-то достичь. Жестокость порождает лишь новую жестокость.

Алёна СОЛОДОВНИКОВА,
студентка 3 курса
кафедры журналистики



БІЗДІҢ ОҚЫРМАНЫМЫЗ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кітапхана ұжымы кітапты өздеріне серік еткен оқырмандарымызды 1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесімен шын жүректен құттықтайды. Сан түрлі сынақтардың өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күні университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерге алғысымызды білдіреміз.

Кітапханамыздың мерекелік шараларында белсене қатысып, әрі тұрақты оқырмандарымызға айналған қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығының студенттері Аружан Сулейменова, Азиза Насимуллина, Асар Жасқайратов, Алишер Амировтерге үлкен алғысымызды айтқымыз келеді.

Сондай-ақ, университетімізге арнайы қонақ болып келіп, өз еңбектерін сыйға тартқан «Балалықтан даналыққа» кітабының авторы тарихшы, ұстаз Сейілбек Мырзабайға және «Фотожурналист анықтамасы», «Фотожурналистика өнері» еңбектерінің авторы Асылхан Әбдірайымұлына рақметімізді білдіреміз.

Зәуреш Ибрашева,
ғылыми кітапхананың жетекші маманы



Толғанай Жаңаберген – жаратылыстану және ауылшаруашылық факультетінің түлегі, қазір Атырау кәсіподақ бірлестігінде қызмет атқарады. Оқу орны қабырғасында жүріп, сыршы, өршіл поэзиясымен танылған Толғанайдың жыр жолдарынан Алғыс айту күнінде бір үзік жариялап отырмыз.



АТЫРАУДА ЕҢСЕЛІ УНИВЕР БАР

Жырды төгіп, нәрді кеп сеппейін бе,
Жүрген жерді мақтаным етпеймін бе?!

Көзге анық көрінер бір өңір бар,
Картаның батыс маңы беткейінде.
Қонағымын оңтүстік жақтан келген,
Батыс халқын мадақтап кетпейін бе...

Жайығын жақсыларым жавалады,
Бақтары қай істе де жана алады.
Жер жаннаты Жетісу болғанымен,
Біз үшін Атырау боп саналады.
Білімнің ең жоғарғы сатындағы,
Мәдениет пен спортқа жақын тағы.

Атырауда еңселі универ бар,
Халел Досмұхамедов атындағы.
Ескірмеген ереже елден ерек,
Шәкірті кеп шаттыққа жүрген бөлеп.

Білім алып жүргенің былай тұрсын,
Мұндағы атмосфера тіптен бөлек.
Студентті соқтырған соққылар көп,
Кураторлар күлімдеп ұқтырған дөп.
Ғылымның туын ұстап, майын ішкен,
Профессор, кандидат, докторлар көп.

Ордасы үшін білімнің соңынан мың,
Алысқан арысым кеп жолында мың.
Бұл жерден түлеп ұшқан азамат көп,
Өмірден тауып жүрген орындарын.
Ерлерімнің қанаты талмасыншы,
Өзегінен сындыра, алмас сыншы,
Универдің 70 жыл жүрген жолы,
700 жылға дейін жалғассыншы.

ҰСТАЗ

Ән көрмедім әншісі салмағанды,
Көрген едім бағы шын жанбағанды.
Бұл жолы өлеңімнің бір тармағын,
Жөн көрдім ұстаздарға арнағанды.
«Осындай жан болсам» деп қызығатын,

Бүлдіршінге әліппе ұсынатын.
Кең пейілді, ақкөңіл ұстаздар-ай,
Студент қып қияға ұшыратын.
Мақтасақ та құрметтеп жарасады,
Шәкіртіне шын күліп, қарасады.

Кектенуді білмейді ұстаз, шіркін!
Ағарып жатса-дағы жарқа шашы.
Ақыл айтып, әсерлі жарқын үнмен,
Жалғастырып кетер ем салтын бірден.

Сақталады. Сақталмас қалай ғана?!
Шәкірттің жүрегінде алтынменен.
Сый қып күткен белгісіз тосындағы,
Жүрек пенен ақылдың қосылғаны.

Бар білгенін үйреткен шын жүректен,
Ұстаздарға мың алғыс осындағы.
Үміт артып жіберген ұл-қыздарын,
Сіздерменен өткізбек қыс-жаздарын.

Біздер үшін сіздерден асқан жан жоқ,
Мың алғыс бізден сізге, ұстаздарым!

АҚЫЛШЫМ СЕНДЕРСІҢДЕР ӨМІРДЕГІ



Әлемде әке- анаға жететін, тең келетін ештеңе жоқ. Менің де бүгінгі таңда Атырау университетінде оқып, білім алып жатқаным – әкем мен анамның арқасы. Олар мені өмірге әкелді. Маңдайымнан қақпай өсіріп, оң солымды танытып, ақыл берді. Жақсылығыма сүйсініп, болашағыма жарқын жол сілтеді.

«Ауылдағы малды бағу, оларға жазда шөп дайындау, аула, қораны тазалау, қыста қар күреу жұмыстарын өзіміз де жасаймыз. Сенің болашағың алда. Оқып, ізденген ғана мұратына жетеді. Сондықтан жас кезінде алтын уақытыңды текке жібермей, білім ал, қатарыңнан қалма» деп мені қалаға оқуға жіберіп, өздері ауылда қалды. Өмірде ел қатарлы жақсы азамат болып өскенімді тіледі. Сондықтан әкем Бақтығалиев Сұңғат пен анам Нұғыпарова Аяжанға менің айтар жүрекжарды алғысым көп.

Армандамайтын адам жоқ. Ал, басты арманым оқуымды жақсымен бітіріп, ел қатарлы бірегей азамат атанып, еңбек етіп, еліме пайданды тигізсем деймін. Әсіресе, сырттай тілегімді тілеп, жанымға жалау болып келе жатқан қос бөйтерегімнің атына сын келтірмейтін ұлы атанғым келеді. Жылына бір келетін Алғыс айту күнінде жүрекжарды лебіздіміз сіздерге арнағанды жөн көрдім. Әрдайым ортамызда шаңырағымыздың тірегі болып, ұзақ та бақытты ғұмыр кешіңіздер. Бұл тірлікте адамға әке-анаң мен бауырларыңнан артық еш байлық керек емес. Олар алдымда асқар таудай болып жүрсе – менің байлығым да, бақытым да сол. Өйткені, мынау тіршіліктегі қорғаным мен қамқоршым, ақылшым сендерсіңдер өмірдегі.

Ералхан Сұңғатұлы,

«физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультетінің 1 курс студенті

ҰСТАЗҒА АЛҒЫС

Көктемнің алғашқы мейрамы Алғыс айту күнін пайдалана отырып, университеттегі барлық ұстаздар қауымын, соның ішінде «Қазақстан және дүние жүзі тарихы» кафедрасының ғалым ұстаздарына жылы лебіздімізді жеткізгім келеді. «Жүзі жылыдан түңілме» демекші, мен оқу орнының табалдырығын аттап келгенде қарсы алған, содан бері қолдау-көмегін көрсетіп келе жатқан Гүлфайруз Қайырғалиева, кураторым Гүлфайруз Шугаепова апайларға, өзіндік принципі, сабақ беруде ерекше әдістері бар Гауһар Айдосынова апайларға алғыс айтқым келеді.

Алғыс айту – кең пейілді пенденің жүрегінен шыққан ақ жарма аппақ тілегі деп білемін!

Данияр Бисенов,
гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің 4 курс студенті



АНАҒА АЛҒЫС

Алғыс айту мерекесінде жылы лебіз алғысымды өзімнің анам – Еркінқала орта мектебінің қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Жайнағұл Жақсылыққызы Қаюповаға арнағым келеді.

Анашы, мен сізге біз үшін жасаған барлық ісіңіз, кеңес, тілек және қолдауыңыз, түсінгеніңіз, үміт артқаныңыз және сенгеніңіз үшін рақмет айтамын. Қашан да қажет кезде жанымыздан табылатыныңыз үшін, ана деген үлкен атаққа лайықты болғаныңыз үшін мың алғыс сізге! Ортамызда аман жүріңізші.

Әмина САҒЫНТАЙ,
екі шетел тілі 301-1 студенті

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Қуатова – редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
А.Өтемісқызы

Н.Самғат
Б.Берениязова
Қ.Әбдібек

электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #2191 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана